





О.М. Уалиев¹ , А.А. Аккузова^{1*} ,
О.Д. Нуржакупов² , А.А. Камзина¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МЕДИАМӘТІНДЕРІНДЕГІ РЕСМИ СТИЛЬДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАНРЛАРЫН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақала қазіргі қазақ медиамәтіндердегі, атап айтқанда жаңалықтар жанрындағы ресми стильдің өзгеруін талдауға арналған. Зерттеу ресми және ауызекі дискурстарын жақындастыру, сондай-ақ цифрландыру үдерістерінің әсерінен жаңалықтар мәтіндерінің құрылымы мен стилінде болатын лингвистикалық өзгерістерді анықтауға бағытталған. Авторлар медиамәтіндегі ресми стильдің нормативтілік, клишелену, формалдылық сияқты негізгі ерекшеліктерін қарастырады және оларды заманауи коммуникация жағдайында қайта қарау үрдістерін бақылауға алады. Қазақ жаңалықтар дискурсында сөйлеу және мәнерлік элементтерінің, сондай-ақ англицизмдер мен интернет сленгінің пайда болуына ерекше назар аударылады. Ресми стиль дәстүрлі түрде қатаң ресімделген мәтіндерді (заңдар, ережелер, ресми мәлімдемелер) жасау үшін қолданылған. Алайда, қазіргі медиа ортада ол өзгерістерге ұшырайды, демократиялық сипатқа ие болады, кең аудиторияға қолайлы, көбінесе ауызекі сөйлеу, эмоционалдық және визуалды материалдар элементтерін біріктіреді. Медиа және ақпарат алмасу саласындағы коммуникация нысандары мен әдістерінің қаншалықты жылдам өзгеретінін ескере отырып, тақырыптың өзектілігі жоғары. Соңғы жылдары қазіргі медиа контекстінде дәстүрлі стильдердің, соның ішінде ресми стильдің айтарлықтай өзгеруі байқалды, ол тез қабылдау мен кең аудиторияның талаптарына бейімделеді. Зерттеудің нәтижелері қазақ қоғамындағы БАҚ-тың әлеуметтік-мәдени рөлінің өзгеруін көрсететін ресми және бейресми белгілерді біріктіретін жаңа гибридті стильдің қалыптасуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Зерттеуде дескриптивті, контент-талдау, салыстырмалы, дискурста талдау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: трансформация, медиамәтін, клише, нормативтілік, интернет-сленг.

O. Ualiyev¹, A. Akkuzova^{1*}, O. Nurzhakupov², A. Kamzina¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru

Transformation of the Official Style in Contemporary Kazakh Media Texts: A Linguistic Analysis of News Genres

The article is devoted to the analysis of changes in the official style in modern Kazakh media texts, in particular in the news genre. The study aims to identify the linguistic changes that occur in the structure and style of news texts under the influence of the processes of digitization and convergence of official and conversational discourses. The author considers the main features of the official style in the media text, for example, traces the trends of normativity, cliché, formality and their revision in the context of modern communication. In the Kazakh news discourse, special attention is paid to the appearance of speech elements, expressiveness, as well as anglicisms and internet slang. The official style was traditionally used to create strictly formalized texts (laws, regulations, official statements). However, in the modern media environment, it undergoes changes, becomes democratic, accessible to a wide audience, often combining elements of speech, emotionality and visual material. The topic is timely, given how quickly the forms and methods of communication in the field of media and information exchange change. In recent years, in the context of modern media, there has been a significant change in traditional speech styles, including formal ones, which quickly adapt to the requirements of perception and a wide audience.

The conclusions of the article allow us to talk about the formation of a new hybrid style that combines formal and informal features that reflect the change in the socio-cultural role of the media in Kazakh society. The study used methods of descriptive, content analysis, comparative, discourse analysis.

Keywords: transformation, media text, cliché, normativity, internet jargon.

О.М. Уалиев¹, А.А. Аккузова^{1*}, О.Д. Нуржакупов², А.А. Камзина¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru

Трансформация официального стиля в современных казахстанских медиатекстах: лингвистический анализ новостных жанров

Статья посвящена анализу изменения официального стиля в современных казахских медиатекстах, в частности в новостных жанрах. Исследование направлено на выявление лингвистических изменений, происходящих в структуре и стиле новостных текстов под влиянием процессов цифровизации и сближения формального и разговорного дискурсов. Авторы рассматривают основные особенности формального стиля в медиатексте, такие как нормативность, формальность и отслеживают тенденции их пересмотра в условиях современной коммуникации. Особое внимание в казахском новостном дискурсе уделяется появлению разговорных элементов, выразительности, а также англицизмов и интернет-сленга. Формальный стиль традиционно использовался для создания строго формализованных текстов (законов, постановлений, официальных заявлений). Однако в современной медиасреде он претерпевает изменения, приобретает демократический характер, доступен широкой аудитории, часто сочетает в себе элементы разговорной речи, эмоциональности и визуальных (мультимодальных) элементов. Тема очень актуальна, учитывая, насколько быстро меняются формы и методы коммуникации в сфере медиа и обмена информацией. В последние годы в контексте современных СМИ наблюдается значительное изменение традиционных стилей речи, в том числе формального, которое адаптируется к требованиям быстрого восприятия и широкой аудитории.

Выводы статьи позволяют говорить о формировании нового гибридного стиля, сочетающего формальные и неформальные черты, отражающие изменение социокультурной роли СМИ в казахском обществе. В исследовании использовались методы дескриптивного, контент-анализа, сравнительного, дискурс-анализа.

Ключевые слова: трансформация, медиатекст, клише, нормативность, интернет-сленг.

Кіріспе

Қазіргі заманғы медиамәтін ең алдымен цифрлық коммуникативтік кеңістікте пайда болатын мәтіндік өнімдердің ерекше түрі екенін ескерген жөн. Ол ауызша, визуалды, аудио және кинетикалық компоненттерді қамтитын мультимодальдылықтың жоғары деңгейімен ерекшеленеді және әлеуметтік-мәдени, технологиялық өзгерістердің динамикасын көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ медиамәтіні – аталған цифрлық ортада (әлеуметтік желілер, жаңалықтар сайты, блогтар, подкасттар және т.б.) жасалатын және қазақ тілінің ерекшелігін ғана емес, сондай-ақ медиакоммуникациядағы жаһандық үрдістердің ықпалын көрсететін мәтін түрі. Ол жаңа әлеуметтік-мәдени орта ретінде дәстүрлі қазақ жазу мәдениеті, ауызекі сөйлеу тілі және интернеттің тоғысында қалыптасады.

Ғалымдар (Д.А. Әлкебаева, Қ.Ө. Есенова, Б.Т. Каримова, Ж.Б. Әсетова, М.О. Ақабаева, А.А. Леонтьев, Т.М. Дридз, С.И. Бернштейн, А.Н. Васильева, Д.Н. Шмелёв, В.Г. Костомаров, Ю.В. Рождественский, Я.Н. Засурский, Г.Я. Солганик, Н. Н. Кохтев және т.б.) қазіргі медиамәтіннің тілдік ерекшеліктеріне мыналарды жатқызады: компрессия және тілдік

күралдарды үнемдеу – қысқа әрі нұсқа сөйлеу формаларын, оның ішінде қысқартуларды, эมодзилерді, ақпарат графикаларын қолдану, клиптік ойлау жағдайында ақпаратты тез беру қажеттілігіне байланысты; интермәтін және дәйексөз – қосымша мән-мағыналық қабат құратын және реципиенттен медиа сауаттылықтың жоғары деңгейін талап ететін басқа мәтіндерге, мемдерге, мәдени кодтарға сілтемелерді кеңінен қолдану; ресми және ауызекі стиль арасындағы шекаралардың айқын болмауы – медиамәтіндерде әр түрлі стильдегі лексиканың белсенді араласуы байқалады, мысалы, жаңалықтар хабарламаларында ауызекі сөйлемдерді қолдану немесе блогтардағы кәсіби терминология және т.б.; әсер ету және экспрессивтілік – медиамәтіндер көбінесе рекреативті қызметті жүзеге асыруға бағытталады: бағалау лексемалары, модальды құрылымдар, субъективті маркерлер, сондай-ақ манипулятивті риторикалық әдістер қолданылады; ағылшын тілінің әсері – англицизмдерді, гибриді конструкцияларды және цифрлық жаргондарды енгізу жаһандану мен ағылшын тілді интернет-мәдениетінің үстемдігіне байланысты; интерактивтілік – медиамәтін әдетте баяндаудың құрылымы мен стиліне әсер ететін үздіксіз диалогтық байланысты, пайдаланушыны тарту

(пікірлер, репосттар, ұнатулар (лайк басу) мүмкіндігін қамтиды т.б.

Осылайша, медиамәтіннің тілдік ерекшеліктері коммуникацияның жаңа формаларын ғана емес, сонымен қатар медиа мен цифрлық ортаның әсерінен тілдің өзін өзгерту үдерістерін де көрсетеді. Медиамәтіндерді зерттеу лингвистика, медиалогия, когнитивистика және әлеуметтану сабақтастығындағы пәнаралық тәсілді қажет етеді. Осы тұрғыдан, бұл мәселені зерттеу өзектілігі мен қажеттілігі бірнеше маңызды деректермен тығыз байланысты. Атап айтқанда, олар:

- тілдің икемділігі мен бейімделгіш қасиеті;
- қазақ тілді медианың дамуы: соңғы онжылдықтарда қазақ тілі медиакөңістікте белсенді дамып келеді, бұл тілдің жаңалықтар жанрындағы трансформациясын мұқият лингвистикалық талдауды талап етеді. Бұл әсіресе қазақ тіліндегі онлайн-ресурстар, әлеуметтік желілер мен теледидар санының артуы тұрғысынан маңызды;

- мәдени және әлеуметтік факторлардың ықпалы: дәстүрлі медиамәтіннің стандартты форматынан жанды және әсерлі стильге көшу ақпараттың тиімді әрі жеңіл қабылдануына ықпал етеді;

- ресми жаңалықтарға қойылатын жаңа талаптар: ақпараттық жүктеменің шамадан тыс болуы және дереккөздердің көптігі жағдайында аудиториямен барынша тиімді қарым-қатынас орнату кезінде қазақ ресми стилінің жаңалықтар жанры өзінің функционалдығы мен шынайылығын сақтау мақсатында қандай трансформацияларға бейімделетінін талдау маңызды;

- аталған жанрларды лингвистикалық талдау көптеген тілдік мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді: жаңалықтар медиамәтініндегі лексика мен құрылымындағы өзгерістерді айқындауға; метафоралар, гиперболалар, ирония және т.б. әртүрлі стилистикалық амал-тәсілдердің қолданыс ерекшеліктерін анықтауға; мәтінді кең аудиторияға қолайлы және тартымды ететін, бірақ ресми қатаңдықты сақтайтын синтаксис пен сөйлеу құрылымдарын талдауға; мәтіннің формальды құрылымы, аудиторияның қабылдау ерекшелігі, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекеттесуді, қабылдау барысында ақпараттың сенімділігі мен шынайылық деңгейін зерттеуге т.б.

Сондықтан, бұл зерттеу ресми стильдің заманауи медиа талаптарына қалай бейімделетінін және оның қоғаммен қабылдануына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Аталған тақырыпты зерттеу үшін, яғни тілдегі өзгерістерді және олардың медиамәтін трансформациясына әсерін терең әрі жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер қолданылды:

- дескриптивті әдіс – жаңалықтар медиамәтініндегі ресми стильдің құрылымы мен мазмұнындағы өзгерістерді егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс аясында: жаңалықтар мәтіндерінің лексикалық және синтаксистік ерекшеліктері; дәстүрлі ресми мәтіндерінің қазіргі медиамәтіндермен салыстырылуы; медиа мазмұн контекстінде ресми лексика мен жаргонды қолдану ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылды;

- контент-талдау әдісі – медиамәтіндерде ресми айтылымдар мен терминдерді қолдану жиілігі мен түрлерін бағалауға; ресми стильді медиа форматтарының талаптарына бейімдеу жолдарын анықтауға, мысалы, әлеуметтік желілерде немесе жаңалықтар сайттарында; ресми стильді жеңілдететін метафораларды, гиперболаларды, риторикалық сұрақтарды қолдануды талдауға мүмкіндік берді;

- салыстырмалы әдіс – медиаконтенттегі ресми мәтіндер мен олардың бейімделген нұсқалары арасында салыстыруға мүмкіндік береді: әр түрлі контексттегі мәтіндердің стилін, құрылымын және лексикасын салыстыру (мысалы, ресми мәлімдеме, жаңалықтар мақаласы, сұхбат т.б.); ресми стильдің қандай элементтері сақталатынын және кең аудитория үшін қайсысы өзгертілетінін немесе жеңілдетілетінін талдау;

- дискурс-талдау әдісі – дискурстық талдау тек мәтінді ғана емес, оның контекстін де, мәтіннің аудиториямен өзара әрекеттесуін де зерттеуге мүмкіндік береді: ресми айтылымның аксиологиялық бағытының медиаформатына және мақсатты аудиторияға байланысты қалай өзгеретінін талдау; мәдени, саяси және әлеуметтік факторлардың медиамәтіннің тіліне әсерін зерттеу; жаңалықтар материалдарында қолдануға болатын имплицитті стратегияларды анықтауға септігін тигізеді.

Бұл әдістер медиамәтіндегі ресми стильдегі трансформацияларға кешенді лингвистикалық талдау жасауға және жаңалықтар медиамәтіндегі негізгі үрдістерді анықтауға, сондай-ақ олардың қазіргі қазақ медиакөңістігінде коммуникацияны қабылдау мен тиімділікке қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ медиамәтініндегі ресми стильдің трансформациясын зерттеу жаһандану, цифрландыру және қазақ қоғамын жаңғырту жағдайындағы сөйлеу тәжірибесінің динамикасын зерттеуге бағытталған қазіргі тіл білімінің өзекті үрдістерін көрсетеді. Қазіргі қазақ медиамәтіні коммуникацияның жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларына бейімделе отырып, ресми стильді өзгеретін күрделі, көпжұмсалымды құбылыс ретінде көрсетеді. Осы аспектідегі жаңалықтар медиамәтіндерін лингвистикалық талдау тілдік нормалардың өзгеру үдерістерін де, ресми сөйлеудің дәстүрлі белгілерінің тұрақтылығын да анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі ресми стильдің жұмсалым мәселелері ғалым Р.Сыздықтың еңбектерінде жете қарастырылды. Онда қазақ әдеби тіліндегі ресми-іскери стильдің нормативтілігі мен тұрақты сипаты туралы айтылады. Мысалы, автор ресми мәтіндердің қатаң құрылымдық ұйымдастырылуына және бейтараптық қасиетіне ерекше назар аударады (Сыздық, 2001: 15). Ж.Манкеева және Б.Сағындықұлы зерттеулерінде ресми-іскери стиль дәстүрлі негізді сақтайтынын, бірақ әлеуметтік-мәдени деректер әсерінен өзгерістерге ұшырай бастағанын көрсетеді (Манкеева, 2007: 37; Сағындықұлы, 1995: 45).

Медиалингвистика аясында стилистикалық будандастыру үдерістері Э.Д. Сүлейменованың еңбектерінде сипатталған: «қазіргі заманғы қазақ медиамәтіндерінде ресми және публицистикалық стильдердің ерекшеліктері біріктіріліп, дәстүрлі стилистикалық шеңберлері жиі бұзылып отырады» (Сүлейменова, 2006: 63). Г.С. Самсенова: «Қазақстандық жаңалықтар медиамәтіндерін талдау кезінде біз материалды іріктеудің неғұрлым жиілік қағидаттарын және оларды ұсыну тәсілдерін анықтадық. Бұл іріктеу қазақстандық реалийлерге қатысты жүзеге асырылды және жаңалықтарды іріктеу кезінде басқа да маңызды критерийлердің болуын жоққа шығармайды», – деп көрсетеді (Самсенова, 2022: 87).

Зерттеушілер Г.С. Самсенова мен Е.А. Журавлева жаңалықтардың кеңістіктік жақындығы қазақстандық желілік БАҚ-та аса өзекті екенін айта келіп: «Қазақстандық жаңалықтар контентінің топиктік сипаты желілік басылымдар көпшілігінің қазақстандық өмірдің жергілікті тақырыптарына арналғандығында көрінеді (жаңалықтардың 70-85%-ы осындай желілік басылымдардың жалпы арнасында Zakon.kz,

Informburo.kz және т.б.): саясат пен қоғам саласындағы жаңалықтар, аймақтардың мәселелері, белгілі қызметкерлер, оқиғалар және т.б. кейбір желілік басылымдар, мысалы, Tengrinews.kz, Inform.kz. оқырмандарға қызықты және өзекті ақпаратпен белсенді бөлісуді, оларды жаңалықтар жасауға тартуды ұсынады», – деп тұжырымдайды (Самсенова, 2021: 158).

Осы тұрғыдан келгенде, интернет-коммуникацияның жаңалықтардың жанрлық ерекшеліктерінің өзгеруіне әсері, формальдылықтың төмендеу үрдістерін, экспрессивтіліктің жоғарылауын және медиамәтін прагматизациясын айқындауға бағытталған зерттеулердің маңызы арта түседі. Сондай-ақ, ресми хабарламаларда жиі пайда болатын, эмоционалды қабылдауды күшейтетін этномәдени код элементтерін зерттеу, яғни қазақ медиамәтіндеріндегі ұлттық-мәдени құрамдас бөлікті қарастыру мәселелері де арнайы талдауды қажет ететін күрделі сұрақтар қатарына жатады. Алайда, әлі күнге дейін қазіргі медиакөліністіктегі медиамәтін және медиадискурс ұғымдарының лингвистикалық мәселелерінің өзі толық шешімін таппаған. Медиадискурстың риторикасы мен медиамәтіндердің әлеуметтік стилистикасы мәселелері де зерттелу барысында: «медиамәтіннің әсері ақпараттың өзектілігінде ғана емес, сонымен бірге оны беру тәсілінде де жатыр... бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеудің риторикалық сипаты және оқырманды медиадискурсқа сендіру жолдары» қарастырылуда (Акабаева, 2022: 33).

Соңғы кездері қазақ медиамәтіні мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар, оны «журналистік мәтін», «жарнамалық мәтін», «PR мәтіні» ұғымдарының гиперонимі деп қабылдап, медиамәтіндердің типологиясы және олардың Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану ерекшеліктерін жан-жақты талдап көрсетеді. Сонымен бірге, зерттеушілер тарапынан құрылымдық және жұмсалымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мақсатында баспа, желілік және аудиовизуалды медиамәтіндерге салыстырмалы да талдау жүргізілуде. Және зерттеу тақырыбының өзектілігін қазіргі қоғам өміріндегі БАҚ-тың маңызды рөл атқаруымен, сондай-ақ цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен түсіндіреді (Жусубалина, 2023: 135).

Бұдан басқа, ғылыми әдебиеттерде «медиабілім» ұғымының да пайда болғанын атап өткен жөн. Бүгінгі таңда ақпараттық құзыреттілікті жалпы құзыреттіліктің маңызды саласына ай-

налдыра отырып, компьютерлік және ақпараттық даму қарқынының өсуі оны жан-жақты, терең ғылыми зерттеуді қажет етеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі «медиабілім беру», «медиабілім беру процесі», «күзыреттілік», «ақпараттық күзыреттілік» ұғымдары жан-жақты қарастырылуда (Сейітқазы, 2023: 288). Осыған қатысты шетелдік зерттеушілер К.Базельгатте, Э.Харт және Д.Букингемнің концепциясы қазіргі ақпараттық қоғамда жастарды өмірге дайындау қажеттілігінен туындайды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белсенді дамуы жағдайында медиабілімге ерекше рөл беріледі. Бұл медиа-сауаттылықты қалыптастыруға, медиамәтіндерді сыни талдау дағдыларын және медиажобаларды өз бетінше құру тәжірибесін дамытуға ықпал етеді (Bazalgette, 1989; Hart, 2000; Buckingham, 1999).

Сонымен, дәстүрлі жанрлардың өзгеруіне әсер ететін авторлық принциптің күшеюі секілді жалпы үрдіс туралы айтуға болады. Оны әр түрлі атайды: жеке тұлғаның индивидуализациясы (Кройчик, 2010), эссеизация (Шостак, 2002), субъективтендіру (Ким, 2002). Медиамәтін – бұл тілдік компонентті ғана емес, оны түсіну үшін қажетті экстралингвистикалық факторларды (аялық білім, әлеуметтік ұстанымдар, құндылықтар мен адресаттың мақсаттарын) қамтитын дискурс. Яғни күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде әрекет етеді.

Сондықтан да қазақ жаңалықтар жанрындағы ресми стильдің трансформациясы келесі аспектілерде көрінеді: ресми және публицистикалық стильдер арасындағы жанрлық шекаралардың ауысып түйісуі; формальдылық дәрежесінің төмендеуі және экспрессивті-прагматикалық компоненттің күшейуі; әсерге және аудиторияны тартуға прагматикалық бағытты күшейту; интермәтіндік элементтер мен прецеденттік мәтіндерді енгізу; сөйлеу стратегияларын жаңа форматтарға бейімдеу (онлайн жаңалықтар, мультимедиялық платформалар т.б.).

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстанның қазіргі медиадискурсы қарқынды цифрландыру, медиакеністіктің жаһандануы және аудиторияның коммуникативтік ұстанымдарының өзгеруі жағдайында дамуда. Дәстүрлі түрде нормативтілікке бағытталған жаңалықтар мәтіндері жеделдік, интербелсенділік және репрезентативтілік талаптарына біртіндеп

бейімделеді. Осыған байланысты бұрын жаңалықтар жанрында ақпаратты ұсынудың басым нысаны ретінде қарастырылған ресми-іскери стильдің рөлін қайта қарастыру орын алуда.

Тарихи тұрғыдан қазақ жаңалықтар мәтіні формалдылықтың жоғары деңгейімен сипатталды: қатаң құрылым, нормативтік терминологияны, тұрақты ресми-іскерлік құрылымдарды, пассив синтаксистік модельдерді және жақсыз тұжырымдарды қолдану. Мұндай модель хабарламаның институционалдық заңдылығын және мемлекеттік-әкімшілік коммуникацияның сәйкестігін қамтамасыз етті. Қазіргі медиамәтіндердегі формальды дискурс мәтіннің жұмсалымды және коммуникативті бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында ресми, публицистикалық және ауызекі стильдердің элементтерін біріктіретін будан формаларға біртіндеп ауысуда.

Бұл құбылыс бірнеше факторларға тәуелді. Біріншіден, цифрлық орта динамикалық және белгілі бір пайдаланушыға бағытталған ақпаратты қажет етеді. Екіншіден, аудиториямен өзара әрекеттесу моделі өзгереді: жаңалықтар мәтіні диалогтық медиакеністіктің бір бөлігіне айналады, мұнда дәлдік пен нормативтілік қана емес, сонымен қатар репрезентативтілік, экспрессивтілік және эмоционалды қызығушылық аса маңызды. Үшіншіден, медиаформаттар арасындағы бәсекелестік күшейді, бұл экспрессивті тілдік құралдарды іздеуді және аса кеңселілік пен ресмиліктен бас тартуды ынталандырады.

Сондықтан да, жаңалықтар жанрындағы ресми-іскери стиль түрлі трансформация белгілерін көбірек көрсетеді. Оларға мыналар жатады: синтаксистік құрылымдарды жеңілдету, мәлімдеменің субъективтілігін арттыру, бағалау лексикасын, сөйлеу элементтерін және будан жанр формаларын қолдану. Бұл үдерістер тұрақты нормалар мен медиапрагматикалық икемділікті біріктіретін жаңа медиа мәдениетті қалыптастырады. Өз кезегінде, бұл медиадискурстың қазіргі жағдаятқа бейімделуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, жоғарыда көрсетілгендей, ақпараттық кеңістіктің цифрлық трансформациясы жағдайында ресми іскерлік стиль институционалдық қарым-қатынас нысаны ретінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, әсіресе ресми, публицистикалық және ауызекі стильдер арасындағы шекаралардың ауысуымен сипатталатын жаңалықтар жанрында байқалады. Бұл ретте, қазіргі қазақ медиамәтініндегі ресми стильді трансформациялаудың лингвистикалық ерекшеліктеріне назар аударамыз:

Стилистикалық норманың будандастырылуы. Қазіргі қазақ медиамәтіндеріндегі ресми стильдің өзгеруі кездейсоқ сипаттағы құбылыс емес және тілдік құралдарды жеңілдету немесе қарапайым деңгейге дейін төмендету дегенді білдірмейді. Бұл жаңалықтар жанрының трансформациялану үдерісімен түсіндіріледі. Дәстүрлі түрде ресми-іскери стиль нормативтілікпен, айтылымдардың стандарттылығымен, мәлімдеменің объективтілігімен және экспрессивті құралдарды шектеумен сипатталды. Оның міндеті хабарламаның дәлдігін, институционалдық сенімділігін және бейтараптығын қамтамасыз ету болды.

Алайда, қазіргі медиаортада бұл өлшемшарттар жеделдік, репрезентативтілік және коммуникативті тартымдылық талаптарымен өзара әрекеттесе бастады. Жаңалықтар мәтіні тек фактіні тіркеу құралы ғана емес, сонымен қатар аудиторияның назарын аудару, қызығушылықты арттыру және эмоционалды қатысуды қолдау құралы болады. Нәтижесінде стандартты құрылымға ие мәтінге келесі публицистикалық элементтер біртіндеп енгізіледі: бағалауыштық және бейнелі сөздер, автордың интонациялық позициясы, кейде тіпті ауызекі сөйлем құрылымдары.

Бұл үдеріс бірнеше ерекшелікті айқындайды. Егер бұрын ресми іскерлік стиль максималды алшақтық пен жақсыз, жалпылама сипатқа ұмтылған болса, бүгінде ол ішінара субъективтілік пен стилистикалық өзгергіштік үрдісін көрсетеді. Ресми құрылымдар сақталады, бірақ экспрессивті компоненттердің белсенділігі артырылады, бұл медиахабарламаның сипатының өзгеруіне әкеледі.

Осы тұрғыдан, ресми стильдің өзгеруін сипаттайтын негізгі процестердің бірі – оны будандастыру. Қазіргі жаңалықтар мәтіндері ресми-іскерлік және публицистикалық стильдердің синтезін көрсетеді, бұл стилистикалық араласуға әкеледі. Осыған орай, медиакеңістікте «функционалды-стилистикалық икемділік» байқалады, онда ресми ақпарат бағалауыштық және экспрессивті компоненттермен бірге жүреді. Мысал келтірсек:

«Бас прокуратура елімізде соңғы кездері дау тудырған бірқатар мәселелерге тоқталды. Оның ішінде киіз үйде би билеп, видео түсірген жастарға қатысты іс те бар. Киіз үйде жартылай жалаңаш билегендер: Іс әлі сотқа жетпеген, прокуратура қайта сараптама тағайындады» (Жұмаділлә, 2025, 2 мамыр); *«Біздің көптеген одақтасмыз бен достарымыз 8*

мамырды Жеңіс күні ретінде тойлайды, бірақ біз Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жету үшін басқа елдерге қарағанда көбірек еңбек сіңірдік. Мен 8 мамырды Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс күні, ал 11 қарашаны Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс күні деп өзгертемін», – деп жазды Америка президенті. Ол Жеңіс күндерін қайта тойлай бастайтынын айтты. Біз екі соғыста да жеңіске жеттік, куш-қуат, батылдық және әскери ерлік жағынан бізге ешкім тең келген жоқ, бірақ біз ешқашан ештеңені тойламаймыз – өйткені бізде оны қалай тойлау керек екенін білетін көшбасшылар жоқ! Біз жеңістерімізді қайта тойлай бастаймыз!» – деді ол (Мұхади, 2025, 2 мамыр)

Яғни, ресми стильдегі *«жартылай жалаңаш», «тойлайды»* секілді эмоционалды әсерді күшейтетін тілдік құрылымдарды, аталған стильге сәйкес медиамәтінде келесі сөйлемдермен ауыстыруға болады: *«ашық киінген», «денесінің бір бөлігі ашық», «шектен тыс ашық киім киінген», «киімі талапқа сай емес», «этикалық нормаға сәйкес емес киінген»* немесе *«атап өту», «мерекелеу», «салтанатты түрде өткізу»* т.б.

Формальдылықты төмендету және жаппай тұтынушыға бейімделу. Жаңалықтар жанрындағы ресми стильдің өзгеруі тек стилистикалық ауытқулармен шектелмейді. Өзгерістердің ең көрнекті бағыттарының бірі – мәтіннің формальдылық деңгейін біртіндеп төмендету және оның кең аудиторияға бағдарлануы. Аталған үдеріс медиадискурстың қатаң иерархиялық модельден аудиториямен қарым-қатынастың ашық диалогтық түріне ауысуын көрсетеді.

Егер бұрын жаңалықтар хабары авторлық ұстанымды білдірмей, бейтарап нұсқада және тілі ресми нормативтілікпен сипатталатын қашықтықтан ақпараттандыру қағидаты бойынша құрылған болса, онда қазір, керісінше, медиаортада мәтінді күнделікті коммуникацияға жақындату үрдісі байқалады. Бүгінгі жаңалықтар тек оқиғалардың аудио/бейне жазбалары немесе ресми құжаттар ғана емес. Бұл – назар аударту, жеңіл қабылдау және ықпал етуге бағытталған медиаөнім.

Цифрлық платформалар бұл үрдісті күшейте түсуде. Қысқа форматтар, ақпаратты мобильді тұтыну, пайдаланушының назарын аудару үшін бәсекелестік синтаксистік құрылымдарды жеңілдетуге, мәтін көлемін азайтуға және ауызекі сөйлеу элементтерін қосуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл ресми іскерлік компонент толығымен жойылады деген сөз емес, бірақ ол жаңа

медиакоммуникация жағдайларына бейімделіп трансформацияланады. Сондықтан, формальдылықтың төмендеуі стилистикалық норманың жоғалуының белгісі емес, коммуникативті тиімділікті арттыруға және аудиторияны кеңейтуге бағытталған жаңалықтар дискурсы трансформациясының нәтижесі болып табылады.

Ресми хабарламалар ауызекі лексиканы, қысқартулар, риторикалық сұрақтарды қолдану және оқырман тәжірибесіне жүгіну арқылы қолжетімді болады. Қазіргі медиаплатформалар қабылдаудың жаңа нормаларын белгілейді, ал мәтіндер аудиторияға тез жететін әрі бірден түсінікті болуы керек: *«Шымкентте кейінгі жылдары баспахана көбейгенімен кітап шығару ісінде қиындық көп. Баспаға қажетті шикізат пен құрал жабдық тұтастай шеттен әкелінетіндіктен бағасы әлсін-әлсін қымбаттайды. Істің қыр-сырын жетік білетін маман да жоқтың қасы. Кейбір суретшілер бізде компьютер сала алмайды. Компьютер салатындар сурет сала алмайды. Сондай проблема. Ондай адамдар санаулы. Көп емес. Соған байланысты кезек те көп болады, бағалары да жоғары болады олардың»* (Қалмахан, 2025, 30 сәуір); *«Болды ғой, бұдан артық не керек? Министр осымен тоқпатай салса да, болар еді. Бірақ шенеунік тоқпатады, арғы-бергінің бәрін қозғап, «ақтарылып» түсті»* (Нұрбаба, 2025, 21 сәуір).

Маңызды ақпарат ауызекі сөйлеуге тән түсіндірмелі немесе тіпті метафоралар арқылы берілуі типтік форматқа ие болуда.

Ресми дискурсты прагматизациялау. Будандастырумен және формальдылықтың төмендеуімен қатар, қазіргі қазақ медиамәтінін трансформациялаудың маңызды бағыты ресми дискурсты прагматизациялау болып табылады. Осы мәніндегі прагматизация дегеніміз – мәтіннің коммуникативті бағытын күшейту, оның тек ақпараттылығын ғана емес, ең алдымен оқырманмен тиімді қарым-қатынас орнату үшін жасалатынын білдіреді.

Дәстүрлі түрде ресми іскерлік стиль регламенттілікке, дәлдікке және институционалдық объективтілікке бағытталған. Ол субъективті бағалауды шектеп, ресми бейтараптылыққа ұмтылады. Алайда, қазіргі медиаортада ресми мәтін барған сайын қоғамдық ақпараттық кеңістікте жұмсалады, онда ол аудиторияның назарын аудару үшін бәсекелестікке қатысып, тек ақпараттандыратын ғана емес, сонымен қатар репрезентативті, имидждік және жұмылдыру қызметтерін де жүзеге асырады.

Бұл, өз кезегінде жаңалықтар хабарламасының прагматикалық компонентінің біртіндеп күшеюіне әкеледі. Ресми-ақпараттық мәтіндер сендіру, иландыру элементтерін қамти бастайды, құндылықтық белгілерін көрсете бастайды, ұжымдық сәйкестілік пен әлеуметтік нормаларға жүгінеді. Осыған сәйкес, ресми дискурс фактіні тек құжаттық тіркеуден асып түседі және қоғамдық ұстанымды қалыптастыру құралына айналады. Прагматизациялау бағалау құралдарын, модальділікті, апеллятив элементтерді және институционалдық субъектілерді оң бейнелеу стратегияларын жандандыруда көрінеді. Бұл жағдайда сыртқы формальды құрылым сақталуы мүмкін, бірақ мәтіннің ішкі коммуникативті ұстанымы айтарлықтай өзгереді.

Қазіргі медиамәтін, тіпті формальды-ресми ақпаратты беру кезінде де қоғамдық имиджді құру дискурсының элементтерін қамтиды. Бұл бағалаушылық лексиканың, модальдік конструкциялардың басым болуымен, сондай-ақ патриотизмге, әлеуметтік парызға, жақсылыққа үндеумен сипатталады: *«Қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық дәмнен бас тартпады. Еріктілер бауырсақтың бірнеше қорабын әп-сәтте таратып үлгерген. Игі бастама түрлі этнос өкілдерінің арасындағы достық пен татулықты нығайтуды көздейді. Жаңа піскен бауырсақтың хош иісі мен ақжарма тілектер, жылы шырайлы мерекелік көңіл-күй ел бірлігі мен қонақжайлығын айшықтайтын ерекше көрініске айналады дейді шара ұйымдастырушылары»* (Қуандық, 2025, 1 мамыр); *«Мерекелік іс-шараға жергілікті медицина университетінің студенттері қатысты. Бұл білім ордасында Өзбекстан, Ресей, Үндістан, Пәкістаннан келген жастар білім алып жатыр. Бірлік күні мерекесінде оннан астам этнос өкілдері өзі дайындаған ұлттық тағамдарын ұсынып, оның дайындалу әдісімен бөлісті. Шеттен келген студенттер өз салт-дәстүрін дәріптеді. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шара тұрақтылықты сақтап, бейбітшілік пен келісімді нығайтады дейді»* (Нұрахмет, 2025, 1 мамыр).

Медиакеңістіктегі ресми мәтін адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас тиімділігін арттыру қызметін жүзеге асырады.

Интермәтін мен дәйексөз. Қазіргі қазақ жаңалықтар дискурсын трансформациялаудың сипаттамалық белгілерінің бірі интертекстуалдық тетіктерді жандандыру болып табылады. Осыған орай, қазіргі медиакеңістікте мәтін өз алдына оқшау өмір сүре алмайды: ол басқа мәтіндермен, символдармен және дискурсивті дәс-

түрлермен өзара әрекеттесу арқылы кең мәдени және тарихи мәнмәтінге енеді. Мұндай құбылыс хабарламаның семантикалық қабатын күшейтеді және оның құндылықтық интерпретациясына ықпал етеді.

Жаңалықтардағы интертекстуалдылық бірнеше қызметтерді орындайды. Біріншіден, ол беделді дереккөздерге сілтеме жасау арқылы хабарламаның институционалдық заңдылығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, ол тұрақты бейнелер мен ұжымдық тәжірибеге жүгіну арқылы аудиторияның мәдени жадын белсендіреді. Үшіншіден, ол мәтіннің аксиологиялық өрісін қалыптастырады, оған ресми ақпараттандырудан тыс құндылықтық белгілерін енгізеді.

Әсіресе, бүгінгі ресми сипаттағы жаңалықтарда прецеденттік мәтіндер мен мәдени кодтарды қолдану айқын көрініс табады. Мұндай элементтер қазіргі оқиғаларды тарихи дәстүрмен, моральдық көзқарастармен және ұлттық құндылықтармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Осы жағдайда, жаңалықтар хабары қосымша семантикалық қабатқа ие болады және мәдени дискурстың бір бөлігіне айналады.

Интермәтін элементтері медиамәтіннің сенімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оны заманауи ақпараттың мәдени және құндылықтық мәнмәтінімен байланысы маңызды болып саналатын аудиторияның ерекшелігіне бейімдейді. Нәтижесінде ресми жаңалықтар мәтіні тек әкімшілік хабарлама емес, мәдени маркерленген медиамәтіннің ерекшеліктеріне ие болады.

Ресми сипаттағы жаңалықтарда прецеденттік мәтіндер жиі қолданылады: мемлекет қайраткерлерінің дәйексөздері, діни кодтар, халық даналығының элементтері. Бұл механизмдер мәтіннің аксиологиялық жүктемесіне ықпал етеді: *«Қызметтен дәмесі бар жандар үшін бұл үлкен жаңалық еді. Өйткені кейіпкеріміз әлдебіреуден қалған «ескі-құсқы» орынға отырмай, мүлде жаңа креслоға жайғасты. Іші тарлау кейбіреулерге тіпті жаңа министрлік Саясат үшін ашылғандай әсер қалдырды. «Саясат Нұрбек нағыз жігіт екен» деген бағалаулар алғаш рет осы кездерде айтылған сияқты»; «Міне, осыдан кейін Саясат Нұрбектің атынан ауып қалғанын түсінде көргендер көбейді. «**Бітті**», «**құрыды**» деп **тон пішті**. Бірақ Ғылым және жоғары білім министріне түк те болған жоқ. Жапонның танымымен түйсінсек, Саясат Нұрбектің **отқа салса, жанбайтын нағыз «otoko» болып көрінгені – осы кез»** URL: <https://nege.kz/news/ministrler-portret-sayasat-nurbek-otoko-6ada62>.*

Яғни ресми жаңалықтар хабарламаларында прецеденттік мәтіндерді қолдану олардың аксиологиялық бағытын күшейтеді, экспрессивтілікті арттырады және аудиторияның құндылықтары мен мәдени кодтарымен байланысты мағыналардың қалыптасуына ықпал етеді.

Мультимодальдық және кескіннің басымдылығы. Қазіргі медиадискурстың дамуындағы маңызды үрдіс – бұл коммуникацияны цифрландыру және ақпаратты тарату арналарын өзгерту нәтижесінде пайда болған «визуалды бұрылыс» құбылысы. Жаңалықтар мәтіні көбінесе дербес ауызша хабарлама ретінде емес, ауызша, визуалды және аудио компоненттерді біріктіретін күрделі семиотикалық құрылымның элементі ретінде жұмсалады. Бұл жағдайда дәстүрлі мәтін-нөзектік модель медиамәтіннің мультимодальды ұйымдастырылуына жол береді.

Мультимодальділік біртұтас коммуникативтік кеңістіктегі әртүрлі белгілер жүйелерінің өзара әрекеттесуін қамтиды. Мағынасы тек лексика-грамматикалық құралдар арқылы ғана емес, сонымен қатар визуалды, графикалық дизайн, типография, түстерді кодтау, аудио сүйемелдеу арқылы қалыптасады. Бұл жағдайда ауызша компонент мағынаны қалыптастырудағы басымдылығын жоғалтады және басқа модальділіктермен үйлесімде жұмсала бастайды.

Аталған трансформация жаңалықтар мәтінінің ішкі тілдік құрылымына да әсер етеді. Хабарлама экран форматына және ақпаратты қабылдаудың үзіктік әдісіне бейімделуі керек болғандықтан, құрылымдық ықшамдау мен сегменттеу үрдісі арта түседі. Мәтін семантикалық блоктарға бөлінеді, тақырып кешендерінің, субтитрлердің және екпінді кірістірулердің ролі артады. Яғни тілдік ұйымдастырылу медиаплатформаның визуалды-композициялық логикасына бағынады.

Осыған орай, қабылдау прагматикасы да өзгереді: аудиторияның назары бір уақытта бірнеше арналарға бөлінеді, бұл әр мәтіндік элементтің нақтылығын, динамикасын және мән-мағыналық айқындылықты қажет етеді. Нәтижесінде жаңалықтар хабары интегративті мультимедиялық кеңістіктің бір бөлігіне айналады, мұнда ақпарат беру формасы мәлімдеменің құрылымы мен мазмұнына тікелей әсер етеді.

Жаңалықтар мәтіні барған сайын мультимодальды болып келеді: бейне, графика, т.б. енгізіледі, инфографика қолданылады. Бұл тілдік құрылымға да әсер етеді: қысқа синтаксистік құрылымдар, субтитрлер, көп нүкте қою,

эмодзи, леп белгілері, т.б.: «Салықтан барыңша үнемдепті. Рахымбаев НЕГЕ 50 млрд теңгені қалтасына баспақ?»; «Министрлер портреті. Ермек Көшербаев. «Домбырашы»; «Министр-

лер портреті. Айдарбек Сапаров: «Айдағаның бес ешкі...»; «Жеп қойған сияқты. Кәрім Мәсімовтің құда баласына іздеу жарияланды», т.б. (Рахым, 2025).

1-кесте

Мультимодальдылықтың жаңалықтар мәтінінің тілдік құрылымына әсері

Мультимодальды элемент	Мәтіндегі көрінісі	Тілдік ерекшелігі
Бейне, сюжет, аудио	Төл сөз, сұхбат, жанды кадрлар	Қысқа фразалар, синтаксистік үзіктер
Тақырып, тақырыпшалар	Үлкен қаріппен жазылған фразалар	Аталымдық құрылымдардың белсендірілуі
Инфографика	Сандар, диаграммалар, кесте, сұлбалар	Қысқалық, маркерленген тілдік бірліктер
Мәтіндік кірістіру/ кірістірмелер	Дәйексөздер, жиек ішіндегі деректер	Айқын прагматикалық бағыт
Графика, белгішелер	Символдар, көрнекі акценттер	Сипаттаманы визуалдыға алмастыру, түсініктемелерді жою

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Мұндай мысалдар мультимодальды элементтердің мәтіннің құрылымы мен стиліне қалай әсер ететінін көрсетуге көмектеседі, бұл оны бөлшектелген, динамикалық және көрнекі түрде қанықтырады. Мультимодальды мәтін ресми дискурстан визуалды және аудио бейнелеуге бейімделуді талап етеді, себебі бұл тілдік кодты жеңілдетуге әкеледі.

Жалпы, жүргізілген талдау қазіргі заманғы қазақ жаңалықтар дискурсының трансформациясы жүйелі және көп деңгейлі сипатта болатынын анықтауға мүмкіндік берді. Анықталған үдерістер – функционалды стильдерді будандастыру, формальдылықты төмендету, ресми хабарламаны прагматизациялау, интертекстуальдылықты күшейту және мәтінді мультимодальды қайта құру – оқшауланған құбылыстар емес екенін көрсетті. Олар тілдік құралдар да, коммуникативтік көзқарастар да өзгеретін медиакоммуникацияның өзара байланысты динамикалық моделін қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ресми жаңалықтар мәтіні қатаң регламенттелген, стилистикалық біртекті құрылым мәртебесін жоғалтып, икемді, бейімделгіш медиаөнімнің ерекшеліктеріне ие. Ресми-ақпараттық қызмет барған сайын бағалау, репрезентативті және әсер ету міндеттерімен үйлеседі. Бұл аксиологиялық компонентті кеңейту, модальділікті жандандыру, мәдени түспалдаулар мен адрестік стратегияларды қолдану, сондай-ақ цифрлық форматтағы мәтінді құрылымдық ықшамдау арқылы көрінеді.

Аталған өзгерістер БАҚ тілінің ішкі эволюциясын ғана емес, сонымен қатар институционалдық коммуникацияны медиатизациялаудың кең процесін де көрсететіні ерекше маңызға ие. Бұқаралық ақпарат құралдарының кеңістігіне енген мемлекеттік және ресми іскерлік дискурс жеделдік, визуалды тартымдылық және когнитивті қолжетімділік принциптерін ескеруге мәжбүр, бұл оның стилистикалық келбетіне сөзсіз әсер етеді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалдар стильдің икемділігімен, аудиториямен қарым-қатынасқа бағытталуымен және әртүрлі медиаформалардың (мәтін, сурет, дыбыс) үйлесімімен ерекшеленетін ресми медиадискурстың жаңа түрі қалыптасып жатқанын растайды. Талдау көрсеткендей, қазіргі қазақ жаңалықтар мәтіні ресми-іскери және публицистикалық стильдердің ерекшеліктерін біріктіреді. Бұл оның цифрлық медиаорта жағдайларына бейімделуін және аудиторияның қызығушылық аясы мен бағдарының өзгерген сипатын көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі жаңалықтар медиамәтіні, әсіресе ресми дискурста, технологиялық өзгерістерге де, аудиторияның әлеуметтік-мәдени сұраныстарына да байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Дәстүрлі ресми стиль стандарттылықпен, ақпараттылықпен, логикалықпен және монофункционалдылықпен сипатталады (негізінен ақпараттық қызмет). Алайда, цифр-

ландыру және мультимедиялық формат жағдайында жаңалықтар дискурсы көпқабатты және мультимодальды болып келеді, бұл оның тілдік ұйымдастырылуы мен стилистикалық құрылымына сөзсіз әсер етеді:

- біріншіден, жаңалықтар хабарламаларының мультимодальдылығы (мәтін, бейне, графика, инфографика, субтитрлер, анимация үйлесімі) фрагментацияға, динамикаға және синтаксистік ықшамдылыққа қарай ауысуға ықпал етеді. Ресми стиль монолитті бола бермейді: ол қысқа синтаксистік құрылымдардың, аталымдық тақырыптардың, белсенді етістік формаларының және ақпаратты жылдам қабылдауға бағытталған экспрессивті кірістірулердің үлесін арттырады;

- екіншіден, бұрынғы ресми дискурста тән емес экспрессивті және эмоционалды элементтер қолданысы байқалады. Прецеденттік мәтіндерді (саясаткерлердің дәйексөздері, мәдени және діни кодтар, мақал-мәтелдер т.б.) қолдану мәтінге аксиологиялық бағыт береді, прагматикалық фокусты күшейтеді, реципиенттің мәдени жады мен құндылық жүйесіне ықпал етеді;

- үшіншіден, ресми жаңалықтар барған сайын аудиторияға барынша бағытталуымен сипатталады, бұл стиль нормаларының араласуына жол береді: ресми іскерлік, публицистикалық және ауызекі стильдердің элементтері бір медиамәтінде қатар қолданылады. Бұл хабарламаны қолжетімді етеді, бірақ сонымен бірге стилисти-

калық сәйкестік пен нормативтілікті бақылауды қажет етеді.

Сонымен, жаңалықтар медиамәтіндегі ресми стильдің өзгеруі бұқаралық коммуникацияны медиареализм жағдайына бейімдеудің кең үдерісін көрсетеді. Ресми дискурстың буданды формасы қалыптаса бастады – мультимодальды, үздікті, аксиологиялық тұрғыдан жүктелген, бірақ әлі де нормативтіліктің, дәлдіктің және аудитория алдындағы жауапкершіліктің негізгі белгілерін сақтайды. Бұл трансформация қазіргі ақпараттық кеңістіктегі ресми медиамәтіннің жанрлық өлшемшарттары мен стилистикалық сәйкестігін қайта қарастыруды талап етеді.

Мақала авторларының үлесі

О.М. Уалиев мақаланың негізгі идеясын қалыптастырды және мәтіннің алғашқы нұсқасын жазды; А.А. Аккузова зерттеу материалдарын іріктеп, деректерді өңдеді; О.Д. Нуржакупов теориялық бөлімді толықтыруға, нәтижелерді талдауға және көрнекі материалдарды дайындауға қатысты. А.А. Камзина ғылыми жетекшілік жасап, мақаланың қорытынды нұсқасын редакциялауға үлес қосты.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Сыздық, Р. (2001). Тілдік норма және оның қалыптасуы. Алматы: Ғылым.
- Манкеева, Ж. (2007). Қазақ тіліндегі функционалды стильдер. Алматы: Қазақ университеті.
- Сағындықұлы, Б. (1995). Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы: Рауан.
- Сулейменова, Ә.Д. (2006). Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики. Современные проблемы дискурса: теория и практика: сб. науч. тр. междунар.науч.-практ. конф. Алматы.
- Самсенова, Г.С. (2022). Специфика новостей современного Казахстанского медиатекста. Текст в системе обучения русскому языку и литературе: материалы X Международной научно-практической конференции. Отв.ред. Е.А. Журавлёва, Л.Г. Юсупова. Екатеринбург: Изд-во УГГУ.
- Самсенова, Г.С., Журавлева, Е.А. (2021). Коммуникативные особенности медиаречи (на примере казахстанских средств массовой информации). Парадигма современной науки глазами молодых: сборник материалов XV международной науч.-практ.конференции, посвящ. памяти основателей Костанайского филиала «ЧелГУ» Т.Ж.Атжанова и А.М. Роднова. Костанай.
- Акабаева, М.О., Абикинова, Г.Т. (2022). Медиа коммуникацияның лингвистикалық мәселелері. «Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы», «Филология ғылымдары» сериясы. Том 64 №1. Алматы: «Полилингва». <https://doi.org/10.48371/PHLS.2022.64.1.002>
- Жусубалина, Ж. М., Карабаева, Л.К., Тлеубердиев, Б.М. (2023). Қазақ медиамәтіннің қазіргі коммуникативтік кеңістіктегі рөлі. Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. Павлодар, «Toraighyrov University». № 1. <https://doi.org/10.48081/LRDT8694>
- Сейітқазы, П.Б., Ырымбаева, Н.А., Кажимова, К.Р. (2023). Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. № 3(144). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-228-241>

- Bazalgette, C. (1989). *Primary Media Education: A Curriculum Statement*. London: BFI, 125 p.
- Hart, A. (2000). Probing the New Literature: A Meta-language for Media. *Telemidium. Journal of Media literacy*, 46(1): 21.
- Buckingham, D. (1999). *Changing Childhoods, Changing Media: New Challenges for Media Education*. Inter Media Education, N 3.
- Кройчик, Л.Е. (2010). Стратегические ресурсы публицистических текстов. Л. Е. Кройчик. Эволюция жанров в российской журналистике: сб. науч. ст. II и III Всерос. конф. Самара.
- Шостак, М.И. (2002). *Репортер: профессионализм и этика*. Москва: РИП-холдинг.
- Ким, М.Н. (2001). *Технология создания журналистского произведения*. СПб.: Издательство Михайлова В.А.

Талданған дереккөздер:

- Мұхади, А. (2025, Мамыр 2). Трамп АҚШ-та 8 мамырды Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс күні деп жариялады. *Stan.kz*. [Электронды ресурс]. URL: <https://stan.kz/tramp-aksh-ta-8-mamirdi-ekinshi-duniezhuzilik-sogistagi-417363/> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Жұмаділлә, Н. (2025, Мамыр 2). Қазақстанда діни материалдарды маркетплейсте сату заңнамалық тұрғыда реттелмек. *Stan.kz*. [Электронды ресурс]. URL: <https://stan.kz/kazakstanda-dini-materialdardi-marketpleyste-satu-zanna-417366/> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Нұрбаба, С. (2025, Сәуір 21). Министрлер портреті. Саясат Нұрбек. «Otoko». *Nege.kz*. [Электронды ресурс]. URL: <https://nege.kz/news/ministrler-portret-sayasat-nurbek-otoko-6ada62> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Қалмахан, Ф. (2025, Сәуір 30). Кітап шығарудың машақаты. *Qazaqstan.tv*. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqstan.tv/news/210693/> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Рахым, Е. (2025). Депутаттар портреті. *Nege.kz*. [Электронды ресурс]. URL: <https://nege.kz/author/473232d9-efb8-4c5c-8cb7-74c0f4de8b2b/?page=2> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Қуандық, Д. (2025, Мамыр 1). Бірліктің дәмі: Астанада еріктілер тұрғындарға 15 келі бауырсақ таратты. *КТК*. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/05/01/294209/> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)
- Нұрахмет, Ү. (2025, Мамыр 1). Бірлік күні: Семейде әр ұлт өкілі ұлттық тағамын ұсынып, салт-дәстүрін дәріптеді. *КТК*. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/05/01/294210/> (Пайдаланылған күні: 23.11.2025)

References

- Akabaeva, M. O., Abikenova, G. T. (2022). Media kommunikatsiyanıñ lingvistikalıq мәseleleri [Linguistic issues of media communication]. *Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages. Philological Sciences Series*, 64(1). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.002> (In Kazakh)
- Bazalgette, C. (1989). *Primary media education: A curriculum statement*. BFI.
- Buckingham, D. (1999). Changing childhoods, changing media: New challenges for media education. *Inter Media Education*, (3).
- Hart, A. (2000). Probing the new literature: A meta-language for media. *Telemidium: The Journal of Media Literacy*, 46(1), 21.
- Kim, M. N. (2001). *Tekhnologiya sozdaniya zhurnalistskogo proizvedeniya* [Technology of creating a journalistic work]. Saint Petersburg: Izdatel'stvo Mikhaylova V. A. (In Russian)
- Kroychik, L. E. (2010). Strategicheskie resursy publitsisticheskikh tekstov [Strategic resources of journalistic texts]. In *Evolyutsiya zhanrov v rossiyskoy zhurnalistike: sbornik nauchnykh statey II i III Vserossiyskikh konferentsiy* [Evolution of genres in Russian journalism: Proceedings of the 2nd and 3rd all-Russian conferences]. Samara. (In Russian)
- Mankeeva, J. (2007). *Qazaq tilindegi funksionaldy stilder* [Functional styles in the Kazakh language]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Kazakh)
- Sağyndıqūly, B. (1995). *Qazaq tiliniñ мәdenieti* [Culture of the Kazakh language]. Almaty: Rauan. (In Kazakh)
- Samsenova, G. S. (2022). Spetsifika novostey sovremennogo kazakhstanskogo mediateksta [Specificity of news in contemporary Kazakhstani media texts]. In E. A. Zhuravleva & L. G. Yusupova (Eds.), *Tekst v sisteme obucheniya russkomu yazyku i literature: materialy X Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii* [Text in the system of teaching Russian language and literature: Proceedings of the 10th international scientific-practical conference]. Ekaterinburg: Izd-vo UGGU. (In Russian)
- Samsenova, G. S., & Zhuravleva, E. A. (2021). Kommunikativnye osobennosti mediarechi (na primere kazakhstanskikh sredstv massovoy informatsii) [Communicative features of media speech: Evidence from Kazakhstani mass media]. In *Paradigma sovremennoy nauki glazami molodykh: sbornik materialov XV mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, posvyashchennoy pamyati osnovateley Kostanayskogo filiala "ChelGU" T. Zh. Atzhanova i A. M. Rodnova* [The paradigm of modern science through the eyes of the young: Proceedings of the 15th international scientific-practical conference]. Kostanay. (In Russian)
- Seitqazy, P. B., Yrymbaeva, N. A., & Kazhimova, K. R. (2023). Mediabilim üderisinde studentterdiñ aqparattyq qūzyrettiligin damytu boyynsha gыlymi-pedagogikalıq әdebietterdi zerdelau [Reviewing scholarly and pedagogical literature on developing students' information competence in media education]. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series*, 3(144). <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-228-241> (In Kazakh)
- Shostak, M. I. (2002). *Reporter: Professionalizm i etika* [Reporter: Professionalism and ethics]. Moscow: RIP-kholding. (In Russian)
- Suleimenova, E. D. (2006). Diskurs v diskurse kazakhstanskoy lingvistiki [Discourse within the discourse of Kazakhstani linguistics]. In *Sovremennye problemy diskursa: teoriya i praktika: sbornik nauchnykh trudov mezhdunarodnoy nauchno-*

prakticheskoy konferentsii [Contemporary problems of discourse: Theory and practice: Proceedings of the international scientific-practical conference]. Almaty. (In Russian)

Syzdyq, R. (2001). *Tildik norma және onyng qalyptasuy* [Language norm and its formation]. Almaty: Ğylym. (In Kazakh)

Zhusubalina, Zh. M., Karabaeva, L. K., & Tleuberdiev, B. M. (2023). Qazaq mediamätiniñ qazirgi kommunikativti keñistiktegi röli [The role of Kazakh media text in the contemporary communicative space]. *Toraighyrov University Bulletin. Philological Series*, (1). <https://doi.org/10.48081/LRDT8694> (In Kazakh)

Analyzed sources:

Mukhadi, A. (2025, May 2). Tramp AQSh-ta 8 mamyrdu Ekinshi dünieszüzilik sogystagy Zhenis küni dep zhariyalady [Trump declared May 8 as Victory Day in World War II in the USA]. *Stan.kz*. Retrieved November 23, 2025, from <https://stan.kz/tramp-aksh-ta-8-mamirdi-ekinshi-dunieszuzilik-sogystagi-417363/> (In Kazakh)

Zhumadilla, N. (2025, May 2). Qazaqstanda dini materialdardy marketpleyste satu zannamalyq turğyda rettelemek [In Kazakhstan, the sale of religious materials on marketplaces will be regulated by law]. *Stan.kz*. Retrieved November 23, 2025, from <https://stan.kz/kazakstanda-dini-materialdardi-marketpleyste-satu-zanna-417366/> (In Kazakh)

Nürbaba, S. (2025, April 21). Ministrler portreti. Saiasat Nürbek. «Otoko» [Portrait of ministers: Siasat Nurbek (“Otoko”)]. *Nege.kz*. Retrieved November 23, 2025, from URL: <https://nege.kz/news/ministrler-portret-sayasat-nurbek-otoko-6ada62> (In Kazakh)

Qalmakhan, Ğ. (2025, April 30). Kitap shyğarudyñ mashaqaty [The difficulties of publishing a book]. *Qazaqstan.tv*. Retrieved November 23, 2025, from <https://qazaqstan.tv/news/210693/> (In Kazakh)

Rakhym, E. (2025). Deputattar portreti [Portraits of deputies]. *Nege.kz*. Retrieved November 23, 2025, from <https://nege.kz/author/473232d9-efb8-4c5c-8cb7-74c0f4de8b2b/?page=2> (In Kazakh)

Quandyq, D. (2025, May 1). Birliktiñ dämi: Astanada eriktiler turğyndarğa 15 kili bauyrmaq taratty [The taste of unity: Volunteers distributed 15 kg of boursak to residents in Astana]. *KTK*. Retrieved November 23, 2025, from <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/05/01/294209/> (In Kazakh)

Nürahmet, Ü. (2025, May 1). Birlik küni: Semeide är ult ökili ulttyq tağamyn üsynyp, salt-dästürin дәriptedi [Unity Day: In Semey, representatives of different ethnic groups presented national dishes and promoted traditions]. *KTK*. Retrieved November 23, 2025, from <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2025/05/01/294210/> (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Уалиев Олжас Марякович – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: uali_84@mail.ru).

Аккузова Айнура Абдыжалиловна (корреспондент автор) – PhD, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru).

Нуржакупов Олжас Джумагалиевич – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: olzhas.nurzhakup@bk.ru).

Камзина Айман Ариповна – аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: kamzina_aiman_67@mail.ru).

Information about authors:

Ualiyev Olzhas – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: uali_84@mail.ru).

Akkuzova Ainur (corresponding author) – PhD, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru).

Nurzhakupov Olzhas – PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: olzhas.nurzhakup@bk.ru).

Kamzina Aiman – Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kamzina_aiman_67@mail.ru).

Сведения об авторах:

Уалиев Олжас Марякович – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: uali_84@mail.ru).

Аккузова Айнура Абдыжалиловна (автор корреспондент) – PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akkuzova.aynur@mail.ru).

Нуржакупов Олжас Джумагалиевич – PhD-докторант, Институт языкознания им. А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: olzhas.nurzhakup@bk.ru).

Камзина Айман Ариповна – старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kamzina_aiman_67@mail.ru).

Келіп түсті: 9 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 17 наурыз 2026 жыл